

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
«Ақтөбе облысы бойынша
Кәсіби даму институты»

ӨРЛЕУ

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Нұрқасымова С.Х.

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН
ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР МЕН ЖАТТЫҒУЛАР**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
«Ақтөбе облысы бойынша
Кәсіби даму институты»


ӨРЛЕУ

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Нұрқасымова С.Х.

**ҚАРАПАЙЫМ МАТЕМАТИКАЛЫҚ
ҰҒЫМДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**
(электронды орта)

АҚТӨБЕ – 2025



**№45 "Алтын бала" тәрбиешісі Нұрқасымова Сағадат Хайроллақызының
«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУЫҒА
АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР МЕН ЖАТТЫҒУЛАР»
атты әдістемелік құралына**

ПІКІР

Әдеби шығармаларды оқу, алған білімдерін тиянақтау, жалпы сөздік қорларын молайта отырып, мағынасы ұқсас, мағынасы қарама-қарсы сөздерді меңгерту, көрген білгендері жөнінде алғашқы ұғымдарын қалыптастыру міндеті қойылады. Дидактикалық ойынның пайдасы – баланың ой өрісінің қалыптасуын, дамуын мақсат етіп қояды. Сондай-ақ балалардың адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасау, еңбек адамдарына, басқа ұлт өкілдеріне, достық, туған жеріне сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлінеді. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынатын нақты мазмұнмен анықталады.

Дидактикалық ойындарды тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын күшейтеді. Балалардың таным қабілетін, логикалық ой-өрісін кеңейтіп, сабаққа ынтасын арттыруда дидактикалық ойындарды ұтымды пайдаланудың маңызы зор. Дидактикалық ойын балалардың қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтеді, баланы ойнай білуге баулып, ақыл-ой қызметін қалыптастырады, әрі адамгершілікке тәрбиелеу құралы болып табылады. Баланың тілін дамытуда ауызекі сөйлеу, тілдің дыбысталу мәдениетіне тәрбиелеуде, байланыстырып сөйлеу, сөздік қорын дамыту үшін сабақта және сабақтан тыс уақытта дидактикалық ойындарды пайдаланылады.

Ұсынылып отырған дидактикалық ойындардың мақсатына сәйкес шарты нақты көрсетіледі.

Пікір беруші:

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша КДИ кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м.

Рахатова К.Ж.

01-01-54-180
25 01 31

**№45 "Алтын бала" тәрбиешісі Нұрқасымова Сағадат Хайроллақызының
«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУҒА
АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР МЕН ЖАТТЫҒУЛАР»
атты әдістемелік құралына**

ПІКІР

Бала бойындағы жағымды қасиеттерді дамыту барысында балабақшада ойынның атқарар ролі өте жоғары. Баланың өмірді, қоршаған ортаны тануы, еңбек қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын арқылы қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын байыту, эстетикалық талғамын арттырып, адамгершілікке баулу мақсаты көзделеді.

Әдеби шығармаларды оқу, алған білімдерін тиянақтау, жалпы сөздік қорларын молайта отырып, мағынасы ұқсас, мағынасы қарама-қарсы сөздерді меңгерту, көрген білгендері жөнінде алғашқы ұғымдарын қалыптастыру міндеті қойылады. Дидактикалық ойынның пайдасы – баланың ой өрісінің қалыптасуын, дамуын мақсат етіп қояды. Сондай-ақ балалардың адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасау, еңбек адамдарына, басқа ұлт өкілдеріне, достық, туған жеріне сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлінеді. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынатын нақты мазмұнмен анықталады.


Ұсынылып отырған құрал мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, сөздік қорын байыту, эстетикалық талғамын арттырып, адамгершілікке баулу мақсаты көзделеді.

Пікір беруші:

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
Ақтөбе облысы КДИ
кафедра меңгерушісі, п.ғ.к.



Давлеткалиева Е.С.



**№45 "Алтын бала" тәрбиешісі Нұрқасымова Сағадат Хайроллақызының
«ҚАРАПАЙЫМ МАТЕМАТИКАЛЫҚ
ҰҒЫМДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ»
электронды ортасына**

ПІКІР

Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру әдістемесі пәні бастапқыда мектепке дейінгі педагогика шеңберінде болған. Уақыт өте келе біршама эмпирикалық тәжірибе жинақтап, біртіндеп дербес білім саласына айналды. Ол педагогикалық ғылымдар жүйесінде баланың қайталанбас, бірегейлігін, жеке қажеттіліктерді және әр баланың табиғи әлеуетіне бағдарлану мүдделерін қолдауды ескере отырып, интеллектуалдық және жанжақты дамуына ықпал етуге арналған.

Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру әдістемесі пәнінің мақсаты- балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту. Балалардың логикалық ойлау қабілетін және қоршаған кеңістікте бағдарлануын дамыту. Математикалық білім, іскерліктер мен дағдылар, сенсориканы, жадыны, назар аударуды, елестетуді, логиканы дамытуға мүмкіндік береді, математикалық лексиканы қолдана білуді қалыптастырады.

Баланы тұлғалық жағынан жан-жақты қарастыратын, оқыту мен тәрбиелеу үрдісін зерделейтін ғылымдармен тығыз байланыстарын көре аламыз. Соның ішінде, мектепке дейінгі педагогикамен тығыз байланысты, бұл пән мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбие және оқыту үрдісін ұйымдастыру формалары, әдіс-тәсілдерін, негізгі қағидалары жөніндегі білімдермен қамтамасыз етеді. Жеке әдістемелер мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы интеграцияны жүзеге асыруға мүмкіндік береді: тіл дамыту және оны оқыту әдістемесі, дене тәрбиесі теориясы және оны оқыту әдістемесі, музыка және оны оқыту әдістемесі және т.б. баланың толыққанды математикалық түсініктерді меңгеру үрдісі жүреді.

Пікір беруші:

«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Ақтөбе облысы
бойынша КДИ кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м.

Рахатова К.Ж.